



«ЖЕКЕ КАБИНЕТ» ПАЙДАЛАНУШЫСЫНА ЖАДЫНАМА



**«БЖЗК» АҚ (БҰДАН ӨРІ - ҚОР) ВЕБ-САЙТЫНЫҢ «ЖЕКЕ КАБИНЕТ» БӨЛІМІ
ТӨМЕНДЕГІ МАҚСАТТАРҒА АРНАЛҒАН:**



Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті беру/ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау



Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру



Төлемге және (немесе) аударуға өтініш мәртебесін қадағалау



Деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу



«Жеке кабинет» бөлімінің бастау парақшасы пайдаланушыға екі түрлі тәсілмен авторлануға мүмкіндік береді:



«Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясынан алынған электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) кілтiнiң көмегiмен;



логин және парольдiң көмегiмен

Пароль ауыстыру? Бір реттік пароль енгізу

Құрметті салымшы (алушы)!

«Жеке кабинет» қызметін пайдалану үшін авторланудың екі тәсілі бар: электронды цифрлық қол (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе логин/пароль. Егер Сіз «БЖЗҚ» АҚ-мен келісімде көрсетілген логин/парольді ұмытып қалсаңыз, беттің жоғарғы бөлігінде орналасқан «Парольді ұмытып қалдыңыз ба?» сілтемесі арқылы етіңіз. Егер Сізде логин/пароль болмаса, хабарлау тәсілін өзгерту туралы келісім жасау үшін «БЖЗҚ» АҚ-ның кез келген қызмет көрсету кеңсесіне келіңіз.

Памятка для пользователей "Личного кабинета"

Памятка для пользователей электронной услуги "Подача заявления на выплату по графику через веб-сайт ЕНПФ"

Памятка по отслеживанию статусов заявлений по выплатам и переводам

Ену. ЖСН және пароль ЭЦҚ арқылы ену

ЖСН

Пароль

Жүйеге ену




ЭЦҚ КІЛТІНІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ

ЭЦҚ қолдануды қажет ететін веб-сайт бөлімінде жұмыс жасау үшін қосымша құрамдауыштар мен бағдарламалық қамсыздандыру болуы міндетті. Бағдарламалық қамсыздандыруға қойылатын талаптар, сондай-ақ ЭЦҚ алу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландыру орталығының сайтында (<http://pki.gov.kz/index.php/ru/ncalayer>) сипатталған.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл (файлдық сертификат деп аталады) түрінде болса, онда «Сіздің компьютер» тармағын таңдағаннан кейін файл таңдау диалогтік терезесін ашып, осы файлға жолды көрсету қажет.

Веб-сайтта авторлану үшін түпнұсқаландыруға арналған ЭЦҚ кілттерін (файл атауы AUTH_RSA_-дан басталады) пайдалану қажет екендігін ескерген жөн. Файлды таңдап, диалогтік терезе жабылған соң «Кіру» тетігіне басу керек. Файлға java-апплет рұқсатын алу үшін пайда болған диалогтік терезеге қол жеткізу паролі PIN-ді енгізіп, «Кіру» тетігіне басу керек.



ЛОГИН ЖӘНЕ ПАРОЛЬДІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ



Логин мен пароль алу үшін пайдаланушыға интернет үзінді көшірмені ақпарат алу тәсілі ретінде таңдау үшін алдын ала қосымша келісім (бұдан әрі – Қосымша келісім) жасау қажет.


Сайтқа тіркелу (1-қадам)

Қосымша келісім жасасқан пайдаланушылар сайтқа өздері тіркеліп, сайтта одан әрі авторлану үшін логин мен пароль иелене алады. Тіркелу үшін тиісті бөлікше нысанына өз деректемелерін көрсету қажет:

Тіркеу x

Тегі	ИВАНОВ
Аты	ИВАН
Әкесінің аты	ИВАНОВИЧ
ЖСН	111111111111 ✓
<div style="display: inline-block; background-color: #ccc; padding: 2px 10px; margin-right: 5px;">телефон</div> <div style="display: inline-block; background-color: #ffc107; padding: 2px 10px;">e-mail</div>	
Ұялы телефон	8 (777) 777 77 77 ✓

✓
Я не робот



reCAPTCHA
Конфиденциальность - Условия использования

Жіберу

Күшін жою

- Тегі
- Аты
- Әкесінің аты (бар болса)
- ЖСН
- Ұялы телефон нөмірі/электрондық пошта мекенжайы




Толтырған соң «Жіберу» тетігіне басыңыз


Енгізілетін деректемелер Қосымша келісім жасасқан кезде көрсеткен деректемелермен толық сәйкесуі керек екенін есте сақтаған жөн. Бұл ретте енгізілген таңбалар (басты немесе кіші әріптер) ешқандай рөл ойнамайды.



ЛОГИН ЖӘНЕ ПАРОЛЬДІҢ КӨМЕГІМЕН АВТОРЛАНУ

 Қордың деректер базасына енгізілген деректемелер бойынша салымшы (алушы) табылмаған жағдайда, тиісті қате экранда көрінеді. Сәйкестендіру сәтті өткен жағдайда пайдаланушы көрсеткен электрондық поштаға біржолғы пароль жазылған хабарлама жіберіледі.

Біржолғы парольді пайдалану (2-қадам)



Тіркеу ✕

Біржолғы пароль ✓

ЖСН: ✓

Жаңа пароль: ✓


Парольді қайта енгізіңіз: ✓

Жіберу

Күшін жою

1

Одан кейін экранда деректер енгізу үшін терезе пайда болады, онда оған берілген біржолғы парольді, ЖСН мен оның өзіне тіркегісі келетін жаңа парольді енгізу қажет.




Қате

Бір реттік парольдің қолданылу мерзімі аяқталды. Бір реттік парольді алу рәсімін қайта жасаңыз.

OK

2

Біржолғы парольдің әрекет ету мерзімі 15 мин., осы уақыт өткеннен кейін қате туралы тиісті хабарлама шығады. Бұл жағдайда тіркелу рәсімін қайта өткізу қажет.



Қате

Сіз көрсеткен деректер (e-mail/ұялы телефон нөмірі) басқа клиенттің деректерімен сәйкес боп тұр. Көрсетілген деректемелердің Сізге тиесілі екендігін: 1) ЖСН, ТАӘ көрсетіп, eprf@eprf.kz мекенжайы бойынша; 2) БЖЗҚ-ның кез келген қызмет көрсету кеңсесіне келіп, өтініш білдіру кезінде растауға болады.

Пароль


OK

3

Қордың деректер базасында қосарланған ұялы телефондар мен электрондық пошталар бар болғандықтан, ақпараттық қауіпсіздік аясында тиісті тексеру іске асырылды. Байланыстары басқа салымшылардың байланыстарымен ұқсас салымшылар авторлану кезінде қате туралы хабарлама алады.



«Жеке кабинет» сәтті авторланған жағдайда, пайдаланушыға экранда ЖЗШ-дан үзінді көшірме шығарылады. Ұйғарым бойынша, ЖЗШ-дан үзінді көшірме соңғы жылдағы міндетті зейнетақы жарналары есебінен ашылады.



Біздің қызметті
пайдаланғаныңыз
үшін рақмет!

 www.enpf.kz

 enpf@enpf.kz

 1418

